

Дәріс № 1
Мемлекет, құқық және
мемлекеттік құқықтық
құбылыстар туралы негізгі
ұғымдар

Негізгі сұрақтар:

1. Мемлекеттің түсінігі және оның ерекшеліктері
2. Мемлекеттегі билік
3. Мемлекет механизм
4. Мемлекет қызметтері
5. Мемлекет нысаны

**Мемлекет дегеніміз -
өзіне тән басқару аппараты
бар, қолында мәжбүрлеуші
билікті шоғырландырған,
қоғамды ұйымдастыратын
және басқаратын арнайы
саяси ұйым.**

Мемлекеттің белгілері


```
graph TD; A[Мемлекеттің белгілері] --> B[Егемендігі]; A --> C[Аумағы]; A --> D[Басқарушы және мәжбүрлеуші аппараты]; A --> E[Нормативтік құқықтық актілер];
```

Егемендігі

Аумағы

Басқарушы және
мәжбүрлеуші
аппараты

Нормативтік
құқықтық
актілер



Мемлекеттің пайда болу теориялары:

1. Теологиялық теория
2. Патриархалдық теория
3. Шарттар теория
4. Маркстік теория
5. Зорлық, күштеу теориясы
6. Психологиялық теория

Мемлекеттің пайда болу себептері:

- 1. Қоғамдағы еңбек қызметінің бөлінуі**
- 2. Сауда – саттықтың пайда болуы;**
- 3. Жеке меншіктің пайда болуы;**
- 4. Таптықтың қалыптасуы;**
- 5. Таптар арасында қарама – қайшылықтың пайда болуы.**

Мемлекеттік билік

арнайы қарулы күштер мен
мәжбүрлеуші
мекемелердің, мемлекеттік
аппараттың көмегімен
қоғамды басқару үшін
құрылған.

Мемлекеттің міндеттері
мен қызметтерін іске
асыратын, мемлекеттік
органдар жүйесін
мемлекеттік механизм
дейді.

- Мемлекеттік
- механизм
 - Мемлекеттік
 - аппарат
- Мемлекеттік
- ұйымдар
- Мемлекеттік
- кәсіпорын
- Ақша-қаржы
- қоры

Мемлекет қызметі

дегеніміз - мемлекеттің
алдына қойған мақсат-
міндеттерін жүзеге
асырудың басты
бағыттары.

- Мемлекеттік
- қызмет
 - Ішкі
 - Сыртқы

Ішкі қызметтерге:

1. экономикалық
2. әлеуметтік
3. қаржылық бақылау
4. адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау
5. құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету
6. экологиялық қызметтер

Сыртқы қызмет:

1. Дипломатиялық қарым-қатынас орнату;
2. Мемлекетті сыртқы қауіптерден сақтау;

Мемлекет нысаны -
мемлекеттің өмір сүру
тәсілі мен ондағы биліктің
мазмұнын көрсететін
элементтердің жиынтығы.

- **Мемлекет нысаны**
 - мемлекеттің басқару нысаны
 - мемлекеттің құрылым нысаны
 - мемлекеттегі саяси режим

**Мемлекеттің басқару
нысаны дегеніміз -
мемлекеттегі жоғарғы
билікті ұйымдастыру және
құру тәсілдерінің
жиынтығы.**

- Басқару нысаны
 - Монархия
 - Республика

- Монархия
- Абсолюттік монархия
- Конституциялық монархия
 - Дуалистік монархия

- Республика
 - Президенттік
 - Парламенттік

**Мемлекеттің құрылым
нысаны дегеніміз -
мемлекеттегі биліктің әкімшілік-
аумақтық ұйымдастырылуы мен
орталық және жергілікті
органдардың ара
қатынастарының реттелінуі.**

- Құрылым нысаны
- Унитарлы

- Федерация

- Конфедерация

**Мемлекеттегі саяси
режим - мемлекеттің өз
қолындағы билікті
жүзеге асыруының әдіс-
тәсілдері.**

- Саяси
- режим
 - Демократия
 - Авторитарлық
 - Тоталитарлық

Құқықтық мемлекет дегеніміз - мемлекетте гуманизм, адамгершілік, теңдік, бостандық идеялары құқықтық қағидаларға ұласып, құқық үстемдік ететін, бассыздық пен заңсыздыққа жол бермеу үшін биліктің барлық тармақтары арнайы механизм арқылы тежеліп, адам құқықтары тиімді қорғалатын мемлекет.

**Құқықтық мемлекеттің
басты мақсаты - жеке тұлға мен
қоғамның құқықтары мен
бостандықтарын құқықтық
қорғау.**

- 1) құқық үстемдігі қағидасы;
- 2) билік бөлінісі қағидасы;
- 3) мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі қағидасы;
- 4) судьялардың тәуелсіздігі қағидасы;

Құқық дегеніміз - адамдардың жүріс-тұрыстарын реттеу мақсатында мемлекет тарапынан қабылданып, орындалуын мемлекеттің өзі қадағалап отыратын барлық заңдар мен өзге де нормативтік актілердің жиынтығы.

Құқықтық әдет-ғұрып - тұрақты қайталануына байланысты тарихи қалыптасып, мемлекет тарапынан міндетті деп танылған жүріс-тұрыс ережелері.

Құқықтық прецедент - болашақта туындауы мүмкін ұқсас дауларға негіз болып табылуы үшін оған мемлекет тарапынан міндеттілік сипат берілетін нақты бір іс бойынша қабылданған шешім.

Келісім-шарт дегеніміз - мемлекет тарапынан қолдауға ие болатын, екі немесе одан да көп қоғамдық қатынас қатысушыларының нақты мәселеге қатысты өзіндік ерік білдіруін нақтылайтын акт.

Заң - қоғам өмірін реттеуге байланысты мемлекеттің еркін білдіретін, арнайы белгіленген тәртіп негізінде қабылданатын жоғарғы заңдық күшке ие нормативтік құқықтық акт.

Заңға сәйкес акт - заңға сәйкес және заң негізінде сол заңның орындалуы үшін немесе заңның мәнін айқындау, түсіндіру үшін қабылданған құқықтық актілердің бір түрі.

Құқық жүйесі дегеніміз - нақты бір мемлекетте қалыптасқан құқықтық актілердің реттеу объектісіне байланысты топтастырылып, құқық саласынан, институтынан және нормасынан құралған жүйе.

Құқық саласы - сипатына қарай ұқсас қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларының үлкен тобы.

Құқық салалары:

1. конституциялық құқық;
2. әкімшілік құқық;
3. азаматтық құқық;
4. қылмыстық құқық;
5. отбасы құқығы;
6. қаржылық құқық;
7. еңбек құқығы;

Құқық нормасы дегеніміз - қоғамдық қатынас қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін нақтылайтын, мемлекет тарапынан танылып, қамтамасыз етілетін, жалпыға міндетті жүріс-тұрыс ережелері.

Құқық нормасы құрамы үш элементтен тұрады:

- гипотеза;**
- диспозиция;**
- санкция;**

Гипотеза норманың жүзеге асырылуы үшін қажет жағдайларды көрсетеді.

Диспозиция мемлекет қамтамасыз ететін құқықтар мен міндеттерді, яғни қажетті жүріс-тұрыстың мазмұнын көрсетеді.

— **Санкция** диспозицияда көзделген жүріс-тұрыс ережелерін сақтамаған немесе бұзған жағдайда көзделетін жазалау шараларын қамтиды.

Мемлекет өз тарапынан қоғамдық қатынас қатысушыларынан заңдар мен заңға сәйкес актілердің мазмұнында көзделген талаптарды бұлжытпай орындауды талап етеді, мұндай талаптардың жиынтығын **заңдылық** деп атаймыз.